

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Физика-техникалық институтының ғылыми және эксперименттік базасын жақсарту жөніндегі техникалық көмек (грант) туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 қыркүйек N 1174

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Физика-техникалық институтының ғылыми және эксперименттік базасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Физика-техникалық институтының ғылыми және эксперименттік базасын жақсарту жөніндегі техникалық көмек (грант) туралы келісімнің жобасы мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2002 және 2003 жылдарға арналған республикалық бюджеттен осы жобаны бірлесіп қаржыландыруға қаражат бөлу туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы

Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі арасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Физика-техникалық институтының ғылыми және эксперименттік базасын жақсарту жөніндегі техникалық көмек (грант) туралы 341 000 (үш жүз қырық бір мың) АҚШ доллары сомасына келісім жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен
Ислам Даму Банкі
арасындағы
Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрлігі
Физика-техникалық институтының ғылыми
және эксперименттік базасын жақсарту жөніндегі
техникалық көмек (грант) туралы
келісім

Техникалық көмек (грант)
туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) және Ислам
Даму Банкі (бұдан әрі - Банк) арасындағы _____ 1422Н осыған сәйкес
2001 жылы _____ келісім.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Физика-техникалық институтының ғылыми және эксперименттік базасын жақсарту
туралы жобасын (бұдан әрі - Жоба) қаржыландыруға Үкімет Банктен техникалық
көмек сұрағанын ескере отырып, жобаның негізгі компоненттері осы
Келісімнің 1-қосымшасында сипатталған;

Төменде тұжырымдалған шарттардың негізінде Банктің Техникалық көмек
көрсету туралы қабылдаған шешімін ескере отырып;

Тараптар төмендегі туралы келісімге келді:

№№

I-БАП

Гранттың сомасы

1.01-тармағы Банк Үкіметке беретін қаражаты есебінен Техникалық көмек
Грантын ID 262,308 (екі жүз алпыс екі мың үш жүз сегіз) ислам динарынан
аспайтын, шамамен 341,000 (үш жүз қырық бір мың) АҚШ долларына баламал
сомада береді.

II-БАП

Грант қаражатын алу және пайдалану

2.01-тармағы Грант қаражаты Банк қабылдаған Төлем тәртібіне және 2-қосымшаға сәйкес алынуға тиіс.

2.02-тармағы Грант қаражаты тек 2-қосымшада көрсетілген шығыстарды өтеу үшін пайдаланылуы тиіс.

2.03-тармағы Егер мекеме-орындаушы 2001 жылғы 21 тамызға дейін немесе одан кейінгі мезгілге дейін, Үкімет пен Банктің келісімімен, Банкке бірінші төлем туралы ұсыныс жасамаса, бұл туралы Үкімет пен Мекеме орындаушыны ескерту арқылы, Банк бұл келісімді бұза алады.

2.04-тармағы Егер Грант қаражатының кейбір бөлігі Үкімет пен Банктің келісімі бойынша 2001 жылғы 21 тамызға дейін немесе одан кейінгі мезгілге дейін алынбаса, Банк Үкіметпен келісім арқылы Гранттың бұл бөлігін жоя алады.

III-БАП

Жобаны іске асыру

3.01-тармағы Жобаны орындаушы Мекеме-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Физика-техникалық институты болып есептеледі. Мекеме-орындаушы Жобалық құжатта көрсетілген мезгілде Жобаны орындау үшін қажетті барлық өкілеттілікпен қамтамасыз етілетініне Үкімет кепілдік береді.

3.02-тармағы Мекеме орындаушы Банкпен кеңес жүргізгеннен кейін Жобалық құжатта көрсетілген сайлау және тағайындау немесе сарапшылардың ресми сапары туралы келісімге келу қажет. Сарапшылар Ислам Конференциясы Ұйымының мүшелерінен болуға тиісті, олар Банк мақұлдаған тізбеден таңдап алыну қажет.

3.03-тармағы Мекеме-орындаушы 2-қосымшада белгіленген жабдықтар мен қондырғыларды Банк Төлем Тәртібіне сәйкес Халықаралық Сатып Алу негізінде алуға тиіс. Сатып алу туралы ұсыныстары бар Құжаттарды Банк мақұлдау қажет.

IV-БАП

Үкімет міндеттемелері

4.01-тармағы Үкімет Жобаны іске асыруға әрекет жасайтын толық жұмыспен

қамтылған білікті жергілікті мамандармен қамтамасыз етуге тиісті.

4.02-тармағы Үкімет республикалық бюджетінде орындау жеріндегі Жоба бойынша шығыстарды өтеу үшін қаражат жоспарлау қажет, сонымен қатар Жобаны орындау процесінде пайда болған кез келген қосымша шығыстарды қаржыландыруға тиісті.

4.03-тармағы Үкімет Грант қаражатын пайдалануды және Жобаны іске асырудағы прогресті, шығыстарды қоса көрсетуге барабар есеп беруді және есепке алуды белгілеуге немесе белгілеуге мүмкіндік туғызуға тиісті.

4.04-тармағы Мекеме-орындаушы Үкімет пен Банкке орындалған жұмыстың нақты сипаттамасы көрсетілген тоқсандық есепті мәлімдемені, пайда болған мәселені, қолданылған шараларды, сонымен қатар кей уақыттарда Банк сұраған басқа мәліметтерді беруге тиісті.

4.05-тармағы Үкімет Қазақстан Республикасында қолданылатын заңға сәйкес, Банктің өкілетті өкілдеріне жобаны орындауға байланысты барлық жерлерге және құралымдарға толық қатысуына кепілдік береді.

4.06-тармағы Үкімет 180 (бір жүз сексен) күн мезгілінде, жоба

аяқталғаннан кейін, осы келісімге сәйкес Банк көрсеткен Техникалық көмек нәтижесін бағалаған және жоба мақсатына қол жеткен дәреже туралы баяндаманы Банкке тапсыру қажет.

4.07-тармағы Үкімет Жоба мақсатына жетуге әсерін тигізетін немесе қауіп туғызатын, Жобаның орындаушысына көмегін тигізетін немесе осы келісім бойынша оның міндеттемесінің орындалуына кез келген жағдай туралы тез арада Банкке хабарлауға тиісті.

V-БАП

Әр түрлі

5.01-тармағы Әр түрлі мәселелер бойынша Үкімет пен Банк, уақыт-уақытымен, Тараптардың біреуінің талабы бойынша, осы Техникалық Көмек туралы пікір алысады және сарапшылар дайындаған кез келген баяндама бойынша кеңес жүргізеді, осы баяндамада көрсетілген кез келген ұсынысты орындайды.

5.02-тармағы Банк сарапшылар дайындаған кез келген баяндаманы Банк өзіне қажет деп есептейтін кез келген мақсатқа пайдалана алады, бірақ бұл баяндамалар Үкімет пен Банктің келісімінсіз жариялауға болмайды.

5.03-тармағы Осы Келісім бойынша көрсетілетін Банктің көмегі

сарапшылардың кез келген ұсыныстарының орындалуы жайында Үкіметке қаржылай немесе әрі қарай техникалық көмекті жалғастыру міндетін Банкке жүктемейді.

VI-БАП

Үйлестіру

Үкімет Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министріне Банкпен қарым-қатынас жасауды және осы Келісімнің негізінде Үкімет қабылдаған міндеттемелерді орындауға тікелей жауап беруді жүктейді.

VII-БАП

Хабарлама

Бір Тараптан екінші Тарапқа жазба түріндегі кез келген хабарлама лайықты түрде не қолдан қолға, не жеделхатпен, не хатпен, не телебайланыспен, не телефакспен келесі адресстердің біреуі арқылы жіберіледі деп түсініледі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына:

Білім және ғылым министрлігі
Физика-техникалық институты
Ибрагимов көшесі, 2 үй
Алматы, 480082, Қазақстан
Тел: +7-3272-545-367
Факс: +7-3272-545-224

Ислам Даму Банкі атына:
P.O. box: 5925
Jeddah - 21432
Kingdom of Saudi Arabia

Alternate address for cablegrams and radiograms:
Cable: BANKISLAMI JEDDAH
Telex: 601137 ISDB Sj

VIII-БАП

Келісімнің күшіне ену шарты және оның қолданылу мерзімі

Осы Келісім 2003 жылғы 21 тамызға дейін қолданыста болады және оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді Үкіметтің орындағаны жөніндегі жазбаша хабарлама алынған кезден бастап күшіне енеді.

Жоғарыда баяндалғаны куәландырып, Тараптардың өкілетті өкілдері осы Келісімге, екі түпнұсқалық данасына, әрқайсысының қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде бірдей заң күші бар, кіріспеде көрсетілген күні қол қойды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Ислам Даму Банкі үшін

1-Қосымша

Жоба сипаттамасы

Жобаның негізгі мақсаты жоғарықарқынды плазмалық импульстік иондық имплантацияны (HIPPIB) және көпшоқтық иондық сәулелік тозаңдатқыш жүйені (MIBS) пайдаланып жартылай өткізгіштер мен металдардың бетінде пайда болатын жұқа қабықтар мен имплантацияланған қабаттарды зерттеу және зерттеп дайындау. Негізгі ықылас кремний және молибден сияқты таза материалдарға бөлінеді. Әр түрлі әсердегі имплантацияланған қоспалар мен радиациялық ақаулардың үлестірулерінің модификациялық процестері зерттеледі. Алынған деректер тозу және коррозиялық бекемдікке HIPPIB әсерін, сонымен қатар конструкциялық және инструменттік болаттар мен қорытпалардың беріктігін зерттегенде пайдалануға болады.

Жоба, сондай-ақ люминесценция мен нанокристалл жартылай өткізгіштердің құрылымдық қасиеттерінің өзара байланысын, сыртқы эффектілердің металл-тотық жартылай өткізгіштердің параметрлерінің уақытша тұрақтылығына ықпалын зерттеуге

және қос инъекциялық жағдайларда заряд тасушылардың тасымалдау процесіне
б а ғ ы т т а л ғ а н .

Бұл жарылғыш және улы газдардың жоғары тұрақты селективтік

детекторларын жалауға, күн элементтері үшін бақыланатын қорғаныш және
антиэсерлі бүркеніш қабатын жасауға, сонымен қатар
электрлюминесценттелетін кеуекті кремнийді алу әдістерін ұсынуға мүмкіндік
береді.

НІРРІВ және МІБС институтта жете қолданылуда, дегенмен қазіргі кезде
жұқа пленкаларды алу процесін және аналитикалық әдістерді жақсарту үшін
бұл жүйелерді жаңа қуатты вакуумдық тетіктерімен және ион көздерінің жаңа
түрлерімен жабдықтау қажет.

2-Қосымша

Грант бойынша шығыстар баптары

Шығыстарды өтеу үшін грант қаражаты мынадай баптар бойынша
пайдаланылуға тиіс

АҚШ SUS

- Жабдықтар	150,000	
- Жабдықтарға қосымша тетіктер және әдебиеттер		40,000
- жұқа қабықтарды және аналитикалық спектроскопияны зерттеу және зерттеп дайындау саласы бойынша Институттың ғылыми қызметкерлерін оқытып үйрету	60,000	
- Ислам Конференциясы Ұйымының мүше- елдерінен сарапшылардың ресми сапарлары		60,000
- Тиісті ойда болмаған шығыстар	31,000	

ИДБ жиынтығы 341,000

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК